

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

22.10.2025 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы Ә.Х.Сарыбаева, АК мүшесі: Академиялық персонал Г.Т.Сарбаева, Г.Н.Жылысбаева, Д.К.Берді, М.Т.Сарбаева, Ш.М.Беласарова, Н.Ә.Шектібаев, К.А.Катпаева, Ш.Ж.Раманкулов, Б.Б.Тойжигитова, А.М.Сейтметова, Б.З.Умиров, И.М.Омарова, Ж.Н.Турганбаева, М.А.Мұратбекова, Г.Д.Кошанова, Ә.Б.Аманжолова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі: А.А.Миндетбаева, Ж.Ж.Азретбергенова, Р.А.Ускенова, Б.З.Әбдіқадыр, АК мүшесі, білімгерлер өкілі: А.Б.Дәнебек, Н.Қ.Ергешбай, А.Ш.Уәлиханова, С.Е.Төлбасы, М.Е.Оңалбек, П.Б.Елтияр, А.Г.Хабибуллаев, Е.З.Уксикбаев, Н.Ж.Жұмабай, А.Г.Ілесова, Н.Н.Оралбай, Б.Н.Мұсабек, А.П.Шерімбекова, Д.Е.Сындыбай

Қатыспағандар: -**Күн тәртібі:**

1. Академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастыру, Ережелердегі өзгерістермен таныстыру, АК құрамына өзгертулер енгізу. 2025-2026 оқу жылына Академиялық комитеттің жұмыс жоспарын әзірлеу, бекітуге ұсыну
2. ББ біліктілік талаптарының 5-қосымшаға сәйкестігіне мониторинг жүргізу
3. Қыркүйек-Қазан айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау
4. Әртүрлі мәселелер:
 - 4.1. 7M01506-Физика ББ, 8D01503 – Физика ББ бойынша қыста қабылданған білім алушылардың негізгі оқу жоспарына өзгерістер енгізу мәселесін талқылау
 - 4.2 Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және оларға университетте «Физика» кафедрасы профессор – оқытушылары тарапынан ғылыми жетекші және кеңесші тағайындау, мектептер мен кафедра оқытушылары арасында келісім – шарт жасау
 - 4.3 Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және оларға университетте «Биология» кафедрасы профессор – оқытушылары тарапынан ғылыми жетекші және кеңесші тағайындау, мектептер мен кафедра оқытушылары арасында келісім – шарт жасау
 - 4.4 Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және оларға университетте «Экология және химия» кафедрасы профессор – оқытушылары тарапынан ғылыми жетекші және кеңесші тағайындау, мектептер мен кафедра оқытушылары арасында келісім – шарт жасау
 - 4.5 Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және оларға университетте «Математика» кафедрасы профессор – оқытушылары тарапынан ғылыми жетекші және кеңесші тағайындау, мектептер мен кафедра оқытушылары арасында келісім – шарт жасау

АК төрағасы Сарыбаева Ә.Х.: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде Академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастыру, Ережелердегі өзгерістермен таныстыру, Академиялық комитеттің құрамына өзгертулер енгізу, қайта бекітуге ұсыну, 2025-2026 оқу жылына Академиялық комитеттің жұмыс жоспарын бекітуге ұсыну, ББ бойынша 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарының мазмұнын айқындау, ББ біліктілік талаптарының 5-қосымшаға сәйкестігіне мониторинг жүргізу, әртүрлі мәселелер бойынша, 7M01506-Физика ББ, 8D01503 – Физика ББ бойынша қыста қабылданған білім алушылардың негізгі оқу жоспарына өзгерістер енгізу мәселесін талқылау, мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және

оларға университетте кафедра профессор – оқытушылары тарапынан ғылыми жетекші және кеңесші тағайындау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал Г.Д.Кошанова алды:

Бірінші мәселе бойынша тоқсалсам, 2025-2026 оқу жоспарына АК жұмысы ұйымдастырылып «Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша Академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастырылды, Ережелердегі өзгерістермен таныстырылды, АК жұмыс және мәжіліс жоспары әзірленіп, бекітілді. Академиялық комитеттің құрамына өзгертулер енгізілді, бекітуге ұсынылды, атап айтсақ, академиялық персонал құрамына толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. АК мүшесі, білімгерлер өкілдеріне, олардың оқу жылын аяқтауына байланысты өзгерістер енгізілді.

Шешім: 1. «Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастырылып, ережелермен таныстырылып, АК құрамына өзгертулер қабылдансын. 2025-2026 оқу жылына әзірленген жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.

АК төрағасы Сарыбаева Ә.Х.: Екінші мәселе бойынша, ББ біліктілік талаптарының 5-қосымшаға сәйкестігіне мониторинг жүргізілді. Нәтижесі төменде кестеде берілді.

Кестеге сәйкес 6B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау ғылыми дәрежелілік % -64%, 7B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау ғылыми дәрежелілік % -81,13%, 8B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау ғылыми дәрежелілік % -100,00% көрсеткіштерін көруге болады. ББ біліктілік талаптарына ОПҚ құрамының сәйкес екендігі анықталды.

Шешім: 2. ББ біліктілік талаптарының 5-қосымшаға сәйкестігіне жүргізілген мониторинг нәтижесі есепке алынсын.

АК төрағасы Сарыбаева Ә.Х.: Құрметті АК мүшелері биыл атқарылатын жұмыстармен АК жұмыс және мәжіліс жоспары арқылы танысып шықтыңыздар. Алда атқарылатын жұмыстар өте көп және маңызды. АК құрамы толық нақтыланды, АК жұмыс жоспар әзірленді, ережесі бекітіліп онымен АК мүшелері танысу парақтарымен толық таныстырылды.

ББ біліктілік талаптарының 5-қосымшаға сәйкестігіне мониторинг жүргізілді, нәтижесі жасалды. Жалпы қыркүйек-қазан айында жоспарға сай жұмыстар АК мүшелерімен қарастырылды.

Шешім: 3. Қыркүйек-қазан айларында атқарылған іс шаралар нәтижелері қабылдансын.

4.1 әртүрлі мәселе бойынша АК мүшесі, академиялық персонал К.А.Катпаева: 7M01506-Физика ББ, 8D01503 – Физика ББ бойынша қыста қабылданған білім алушылардың негізгі оқу жоспарына өзгерістер енгізу мәселесін талқылауға пікірімді білдірсем, 2025 жылы 03 маусым күні 7M01506-Физика ББ–сы реестреде жаңартылуына байланысты, 2024 – 2025 оқу жылының қысқы кезеңінде қабылданған ББ білім алушылары үшін өтпелі оқу жоспарына өзгерістер енгізу мәселесі қарастырылды. 2024 жылы қабылданған ББ – ға келесідей өзгерістер енгізілген:

ОН6 - Оқыту нәтижесі жаңартылып, жасанды интелект элементтері енгізілген «Физикалық құбылыстар мен процестерді компьютерлік модельдеу әдістері» пәнін «Физикалық құбылыстарды компьютерлік модельдеу және жасанды интелект технологияларын қолдану» деп өзгертілді.

2025 жылы 28 мамыр күні 8D01503 – Физика ББ–сы реестреде жаңартылуына байланысты, 2024 – 2025 оқу жылының қысқы кезеңінде қабылданған ББ білім алушылары үшін өтпелі оқу жоспарына өзгерістер енгізу мәселесін қарастырылды. 2024 жылы қабылданған ББ – ға келесідей өзгерістер енгізілген:

ОН6 - Оқыту нәтижесі жаңартылып, жасанды интелект элементтері енгізілген

		Білімгер саны	Жалпы саны	Негізгі штаттағы ОПК-ы бойынша							Қосалқы ОПК-ы бойынша							Контингент/БАСАНЫНЫ	негізгі жұмыс орыны университет болып табылатын магистрант ОПК-ының үлесі %	негізгі жұмыс орыны университет болып табылатын магистрант ОПК-ының үлесі %	практик мамандар
				Жалпы саны	Ғылым докторы	Ғылым кандидаты	PhD	ҚР-н мемл. марап/ы мен құрметті атақтары, "Еңбек сіңірген жаттықт." спорттық атақтары н/е жоғары мен бірінші дәреж. санаты	Магистрант	Ғылыми дәрежесі жоқ оқытушылар	Негізгі штат бойынша жалпы ОПК саны	Ғылыми дәрежесі бар ОПК саны	Ғылым докторы	Ғылым кандидаты	PhD	ҚР-н мемл. марап/ы мен құрметті атақтары, "Еңбек сіңірген жаттықт." спорттық атақтары н/е жоғары мен бірінші дәреж. санаты	оқытушы	Қосалқы штат бойынша жалпы ОПК саны			
1	Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	6B0115	972	150	3	52	39	2	40	7	142	96	0	1	1	0	5	1	8	26,67	8
2	Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау	7M0115	103	53	4	26	13		9		52	43		1				1	94,67	16,98	1
3	Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау	8D0115	15	9	1	3	5				9	9						0	100,00	0	0

«Физиканы оқыту әдіснамасы және заманауи ғылыми технологиялар» пәнін «Физиканы оқыту әдіснамасы және заманауи ғылыми, жасанды интеллект технологиялары» деп өзгертілді.

Шешім: 4.1. 2024 – 2025 оқу жылы, қысқы кезеңде қабылданған 7М01506-Физика ББ, 8Д01503 – Физика ББ білім алушылары үшін, 2025 – 2026 оқу жылында ББ Реестрінде жаңартылған негізгі оқу жоспарындағы өзгерістер енгізіліп, өтпелі оқу жоспары негізінде 2025-2026 оқу жылына (2,3 сем) жұмыс оқу жоспары бекітілсін.

4.2 мәселе бойынша АК мүшесі, академиялық персонал Н.А.Шектібаев: Физика кафедрасында мектеп оқушыларымен ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға жетекшілік ету бойынша келісім-шарттардың жеткіліксіздігі анықталды. Осыған байланысты, кафедрамыздағы нанотехнологиялар және жаңа материалдар ғылыми – зерттеу институты мен гранттық жобалар жетекшілері мектептермен келісім-шарт жасауды қарастырылды. Физика кафедрасының оқытушылары Сарыбаева Ә.Х., Раманкулов Ш.Ж. мектептермен келісім шарттар жасады.

П.ғ.к., қауымд. профессор Ә.Х.Сарыбаева 2024-2025 оқу жылында Н.Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты коммуналдық мемлекеттік мекемесімен мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға келісім-шарт жасалды. Мектеппен келісім - шарт жасалу барысында еңбек шарты және ғылыми ізденіс курсының оқу бағдарламасы жасалды. Оқу бағдарламасы бойынша қарастырылған сабақ тақырыптары 9-сыныптар үшін, төмендегі кестедегідей жасалды.

Н.Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты, «STEAM: Физикалық және инженерлік жобалар»

9-сыныптар үшін сабақ тақырыптарының кестесі

Апта	Тақырып атауы	Сағат саны	Форматы	Күтілетін нәтиже
1	STEAM курсына кіріспе. STEAM бағыттарының мәні	1	Теория	STEAM туралы түсінік алады
2	Инженерлік жобалау дегеніміз не?	1	Теория	Жобалау ұғымын біледі
3	Жобалау кезеңдері: жоспарлау, орындау, бағалау	1	Теория	Жобаның құрылымын түсінеді
4	Қарапайым механизмдер: иіңтірек	1	Тәжірибе	Механикалық артықшылықты анықтайды
5	Қарапайым механизмдер: блок пен шкив	1	Тәжірибе	Блок жүйесін жинайды
6	Қарапайым механизмдер: тісті дөңгелектер	1	Тәжірибе	Беріліс қатынасын анықтайды
7	Кинетикалық өнер: қозғалыстағы мүсіндер	1	Практика	Қарапайым макет құрастырады
8	Электр тогы және тізбек элементтері	1	Теория	Электр тізбегін біледі
9	Жарықтандыру жүйесінің макеті	1	Практика	Лампаны тізбекке қосады
10	Электр қозғалтқышының жұмысы	1	Практика	Қарапайым мотор жасайды
11	Робототехника негіздері	1	Теория	Робот құрылымын түсінеді
12	Ардуиноға кіріспе: бағдарламалау ортасы	1	Практика	Ардуиноны компьютерге қосады
13	Ардуино: жарықдиодты басқару	1	Практика	Бағдарлама жазады
14	Ардуино: датчиктерді пайдалану	1	Практика	Сенсордан мәлімет алады
15	Қарапайым робот құрастыру	1	Практика	Роботты іске қосады
16	Энергия көздері: дәстүрлі және баламалы	1	Теория	Баламалы энергияны ажыратады

17	Күн энергиясын пайдалану	1	Практика	Күн панелімен тәжірибе жасайды
18	Жел энергиясын пайдалану	1	Практика	Жел диірменінің моделін жасайды
19	Су энергиясы және гидравлика	1	Практика	Су қозғалтқышы моделін құрастырады
20	Механикалық энергияны түрлендіру	1	Практика	Энергия түрлерін бақылайды
21	Физика және өнер: дизайндағы пропорция	1	Теория	Әсемдік пен өлшемді байланыстырады
22	Инженерлік сызбаға кіріспе	1	Практика	Қарапайым сызба салады
23	3D модельдеу негіздері	1	Практика	Виртуалды модель жасайды
24	Жобалық жұмысқа дайындық	1	Теория	Топтық жобаны жоспарлайды
25	Топтық жобаны бастау	1	Практика	Міндеттерді бөліседі
26	Жобаның прототипін құрастыру	1	Практика	Құрылғының үлгісін жасайды
27	Жобаны жетілдіру	1	Практика	Жұмысты жетілдіреді
28	Жобаның жұмысын тексеру	1	Практика	Сынақ жүргізеді
29	Жоба бойынша мәлімет жинау	1	Практика	Нәтижелерді жазады
30	Жобаның презентациясын әзірлеу	1	Практика	Слайд, макет дайындайды
31	Жобаны қорғауға дайындық	1	Практика	Қорғау жоспарын жасайды
32	Жобаны қорғау I-бөлім	1	Қорғау	Бірінші топтар қорғайды
33	Жобаны қорғау II-бөлім	1	Қорғау	Қалған топтар қорғайды
34	Курсты қорытындылау. Рефлексия	1	Қорытынды	Нәтижені саралайды

Бұл үрдіс мектептегі ғылыми жобалардың сапасын арттырып, ЖОО-мен мектептің байланысын нығайта түседі.

Ал, PhD, қауымдастырылған профессор Ш.Ж.Раманкулов гранттық жоба аясында бірге жұмыс жасап жүрген бірнеше мектептер бар. Кентау Грант мектебі, М.Қашқари атындағы мектеп – лицейі және Ш.Ниязов атындағы орта мектеп. Осы мектермен келісім-шарт жасауға қажетті құжаттарды рәсімдедік. Бұл шара мектепке де, ЖОО-на да тиімді болады.

Ш.Ниязов атындағы ЖББМ, Кентау Грант мектебі «Орта мектеп бағдарламасына арналған STEM қолданбалы курсын оқыту әдістемесі»
9-сыныптар үшін сабақ тақырыптарының кестесі

№	Сабақтың тақырыбы (тақырыптар қазақ және ағылшын тілдерінде)	Сағаты	Мерзім і	Оқу әдістемелік және зертханалық құралдар	Практикал ық, зертханалық жұмыстар
1	Бастапқы тестілеу	1		Arduino платформасы	Эксперимент тік тапсырмалар
	Маятниктің тербелісін зерттеу және Arduino арқылы уақытты тіркеу				
2	Arduino негізінде жарық диодтарының жұмыс істеу принципін зерттеу	1			Эксперимент тік тапсырмалар
3	Arduino арқылы жарықтың интенсивтілігін lux датчик көмегімен өлшеу	1			Эксперимент тік тапсырмалар

4	Arduino көмегімен заттың күйінің өзгерісін тіркеу	1			Эксперименттік тапсырмалар
5	Arduino арқылы гармоникалық тербелістерді өлшеу және графиктер сызбасын алу	1			Эксперименттік тапсырмалар
6	Физикадағы STEM тәсіл: LEGO робототехника элементін қолдану	1			Эксперименттік тапсырмалар
7	Робототехника элементтерін физикалық тәжірбие барысында қолдану: шеңбер бойымен қозғалыс	1			Эксперименттік тапсырмалар
8	Робот қолдың жұмыс принциптері және оның физикалық негіздері	1			Эксперименттік тапсырмалар
9	Робототехника негізінде маятниктің тербелісін зерттеу	1			Эксперименттік тапсырмалар
10	Қарапайым робот құрастыру арқылы механикалық жұмыс және қуатты зерттеу	1			Эксперименттік тапсырмалар
11	Тенүдемелі қозғалыс кезінде дененің үдеуін анықтау	1			Эксперименттік тапсырмалар
12	Трансформатордың жұмыс істеу принципін VR технологиясы арқылы зерттеу	1			Эксперименттік тапсырмалар
13	Газ заңдарын VR-да модельдеу: қысым, көлем, температура байланысы	1			Эксперименттік тапсырмалар
14	Доплер эффектісін виртуалды ортада көрсету	1			Эксперименттік тапсырмалар
15	VR арқылы жарықтың сынуы мен шағылуын зерттеу	1			Эксперименттік тапсырмалар
16	Еркін түсі үдеуін модельдеу арқылы тәжірбие жүргізу	1			Эксперименттік тапсырмалар
17	Электр тізбектерінің 3D модельдерін жасау	1			Эксперименттік тапсырмалар
18	3D модель жасау: Телескоптың жұмыс істеу принциптерін зерттеу	1			Эксперименттік тапсырмалар
19	Заттың агрегаттық күйлерін визуализациялау үшін 3D модельдеу	1			Эксперименттік тапсырмалар
20	Атом физика курсына оқытуда 3D модельдеу технологиясын қолдану: Атомның моделін жасау	1			Эксперименттік тапсырмалар
21	Судың кинетикалық энергиясын электр энергиясына түрлендіру жобасын STEM элементтері негізінде әзірлеу	1			Эксперименттік тапсырмалар
22	Электр энергиясын өндірудің қарапайым моделін жасау	1			Эксперименттік тапсырмалар
23	STEAM-ге негізделген пәнаралық жоба: Жел энергиясы	1			Эксперименттік тапсырмалар
24	Қалдықсыз өндіріс: қайта өңделетін материалдардан физикалық эксперимент құралдарын жасау	1			Эксперименттік тапсырмалар
25	Жылу энергиясын сақтау: термос жасау және оның тиімділігін зерттеу	1			Эксперименттік тапсырмалар
26	Білім алушыларды өндірісті ұйымдастыру саласына дайындауда ЧПУ машинасын жасау	1		Arduino платформасы	Эксперименттік тапсырмалар
27	3D принтермен тиімді өндіріс: Дрондарды әзірлеу мысалында	1		3D принтер, Arduino платформасы	Эксперименттік тапсырмалар
28	Прототиптерді 3D басып шығару арқылы өндірістік құрал-жабдықтар жасау	1		3D принтер	Эксперименттік тапсырмалар
29	Өрт сөндіруші көлік жүйесінің физикалық принциптері	1		Arduino платформасы	Эксперименттік тапсырмалар
30	Шаңсорғыштың робот үлгісін жасау	1		ЧПУ технологиясы	Эксперименттік тапсырмалар
31	Механикалық энергияны электр энергиясына түрлендіру: ЧПУ	1		ЧПУ технологиясы	Эксперименттік тапсырмалар

	технологиясын қолдану				
32	Физикалық құрал-жабдықтарды ЧПУ негізінде әзірлеу	1		ЧПУ технологиясы	Эксперименттік тапсырмалар
33	«Ақылды үй»: жарық және температураны басқару	1		ЧПУ технологиясы	Эксперименттік тапсырмалар
34	Физиканы оқытуда иондау камераларын оқу-зерттеу құралы ретінде қолдану	1		ЧПУ технологиясы	Эксперименттік тапсырмалар
35	Қозғалыстың механикасы: энергияның түрленуі және траектория ерекшеліктері	1		ЧПУ технологиясы	Эксперименттік тапсырмалар

М.Қашкари атындағы мектеп-лицейі, «7-сыныпқа арналған Arduino STEM қолданбалы курсы»

7 сыныптар үшін сабақ тақырыптарының кестесі

	Тақырып	Сағ аты	мер зімі	Оқу әдістемелік және зертханалық құралдар	Физика интеграциясы	Практика лық, зертханалық жұмыстар
1	STEM және Arduino курсына кіріспе		08.09.2025	Arduino платформасы	Физикамен байланыс	Эксперименттік тапсырмалар
2	Arduino IDE. Алғашқы бағдарлама (LED жыпылықтау)		08.09.2025	Arduino платформасы	Механикалық жүйелерді модельдеу кіріспе	
3	Электр энергиясының көздері, мультиметр өлшеу		15.09.2025	Arduino платформасы	Энергия ұғымына кіріспе	Эксперименттік тапсырмалар
4	Механикада Arduino қолдану мүмкіндіктері		22.09.2025	Arduino платформасы	Механика тарауына кіріспе	Эксперименттік тапсырмалар
5	Қозғалыс түрлері. LED арқылы модельдеу		29.09.2025	Arduino платформасы	Кинематика	Эксперименттік тапсырмалар
6	Орташа жылдамдықты есептеу. Arduino-мен уақыт өлшеу		06.10.2025	Arduino платформасы	Кинематика	Эксперименттік тапсырмалар
7	Дененің түсу уақытын есептеу (таймер)		13.10.2025	Arduino платформасы	Еркін түсу, уақыт өлшеу	Эксперименттік тапсырмалар
8	Қашықтық датчигі арқылы қозғалысты өлшеу		20.10.2025	Arduino платформасы	Қашықтық, жылдамдық	
9	Қозғалыс моделін құру («көлік қозғалысы»)			Arduino платформасы	Бірқалыпты қозғалыс	Эксперименттік тапсырмалар
10	Қозғалыс графигін құрастыру			Arduino платформасы	s-t, v-t графиктері	Эксперименттік тапсырмалар
11	Практика: «Көлік жылдамдығын өлшеу»			Arduino платформасы	Орташа жылдамдық	
12	Қорытынды тәжірибе			Arduino платформасы	Қозғалысты сипаттау	Эксперименттік тапсырмалар
13	Күш пен масса: тензодатчик (динамометр)			Arduino платформасы	Ньютоның екінші заңы	Эксперименттік тапсырмалар
14	Ньютон заңы тәжірибесі (арбаны тарту)			Arduino платформасы	$F=ma$	Эксперименттік тапсырмалар
15	Үйкеліс күшін модельдеу			Arduino платформасы	Үйкеліс заңы	Эксперименттік тапсырмалар
16	Қысым ұғымы (датчикпен өлшеу)			Arduino платформасы	Қысым формуласы	Эксперименттік тапсырмалар
17	Серво арқылы маятник модельдеу			Arduino платформасы	Маятник қозғалысы	
18	Робот арбаның қозғалысын басқару			Arduino платформасы	Ньютон заңдары	Эксперименттік тапсырмалар
19	Күштердің теңгерілуін тәжірибе			Arduino платформасы	Статика	Эксперименттік тапсырмалар
20	Практика «Автопилот жүйесі»			Arduino платформасы	Қозғалыс динамикасы	
21	Жеке шағын жоба: «Жүк көтергіш лифт»			Arduino платформасы	Күш, жұмыс	Эксперименттік тапсырмалар
22	Қорытындылау			Arduino	Динамика	Эксперименттік

				платформасы	тарауы	тапсырмалар
23	Рычаг ережесі			Arduino платформасы	Рычагта, те- пе-теңдік	
24	Тығыздық тәжірибесі: масса мен көлем			Arduino платформасы	$P=m/V$	Эксперименттік тапсырмалар
25	Механикалық жұмыс			Arduino платформасы	$A=F*s$	Эксперименттік тапсырмалар
26	Қуат пен ПӘК			Arduino платформасы	$N=A/t, n$	
27	Жоба: «Кран моделі»			Arduino платформасы	Жұмыс және қуат	Эксперименттік тапсырмалар
28	Жоба: «Автоматты шлаббаум»			Arduino платформасы	Статика+се- рвокозғалтқыш	Эксперименттік тапсырмалар
29	Жобаны аяқтау			Arduino платформасы	Интеграция ланған бөлім	Эксперименттік тапсырмалар
30	Жобаны талдау			Arduino платформасы	Физикалық негізді түсіндіру	Эксперименттік тапсырмалар
31	Топтық жоба дайындау			Arduino платформасы	Жұмыс және энергия	Эксперименттік тапсырмалар
32	Жобаны әзірлеу			Arduino платформасы	Физикамен пәнаралық байланыс	Эксперименттік тапсырмалар
33	Жобаны аяқтау			Arduino платформасы	STEAM интеграциясы	Эксперименттік тапсырмалар
34	Жобаны қорғау, презентация			Arduino платформасы	Қорытын- дылау	Эксперименттік тапсырмалар

PhD, профессор Ш.Р.Курбанбеков ғылыми – зерттеу институтына келіп жұмыс жасайтын мұғалімдерімен келісім-шарт жасау ұйымдастырылды. Сондай-ақ қазіргі таңда Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Жамбыл ауылы «Жамбыл атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-мен келісім-шарт жасалып жұмыс жасаудамыз. Ғылыми-зерттеу институтының мүмкіндіктерін кеңейтуге, өңірлік ғылымды дамытуға зор үлес қосады деп есептеймін.

Шешім: 4.2 Мектеп оқушыларымен ғылыми-зерттеу жұмыстары ұйымдастырылсын және оларға университет «Физика» кафедрасы профессор – оқытушылары тарапынан ғылыми жетекші және кеңесші тағайындаулары есепке алынсын. Мектептер мен «Физика» кафедрасы оқытушылары арасында келісім – шарттар жасау шешімі қабылдансын.

4.3 мәселе бойынша АК мүшесі, академиялық персонал Б.Б.Тойжигитова: Мектеп оқушыларымен ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға жетекшілік ету бойынша келісім-шарттардың жеткіліксіздігі анықталды. Осыған байланысты, «Биология» кафедрасында мектептермен келісім-шарт жасау қарастырылды.

Атап айтсақ, х.ғ.к., доцент м.а. А.М.Дүйсебекова 2025-2026 оқу жылында «125 International school of Turkestan. High School» мектебі, Н.Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты коммуналдық мемлекеттік мекемесімен мектеп оқушыларының оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру келісім-шарты жасады. Мектеппен келісім - шарт жасалу барысында еңбек шарты және ғылыми ізденіс курсының оқу бағдарламасы жасалуы тиіс. Оқу бағдарламасы бойынша қарастырылған зерттеу жұмыстарының тақырыптары 10-шы және 11-сыныптар үшін, төмендегі кестеде жасалды.

**Н.Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты
10-сыныптар үшін сабақ тақырыптарының кестесі**

№	Тақырып атауы	Сағат саны	Форматы	Күтілетін нәтиже
1	Ұялы телефон электромагниттік толқындарының қоян қанындағы формалы элементтерге әсері	1	Тәжірибе Эксперименттік тапсырмалар	Сәуле әсерін азайту жолдарын ұсыну

**Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты
11-сыныптар үшін сабақ тақырыптарының кестесі**

№	Тақырып атауы	Сағат саны	Форматы	Күтілетін нәтиже
1	Сублимацияланған алма, алмұрт жемістерінен чипс өндірісін дайындау	1	Тәжірибе Эксперименттік тапсырмалар	Сублимациялық кептіру технологиясын қолдану арқылы табиғи, экологиялық таза және жоғары тағамдық құндылығы бар алма мен алмұрт чипстарын өндіру
2	Physarum polycephalum инновациялық инженер	1	Тәжірибе Эксперименттік тапсырмалар	Physarum polycephalum (шырышты зең) организмнің ерекше биологиялық қасиеттерін инновациялық инженерлік бағыттарда (биоинженерия, биокомпьютер, биосенсорлар, экологиялық мониторинг) қолданудың ғылыми және технологиялық негізін жасау
3	Түркістан өңіріндегі бидайды (Triticum aestivum L.) зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктері	1	Тәжірибе Эксперименттік тапсырмалар	Түркістан өңірінде өсірілетін бидайға зиян келтіретін саңырауқұлақ ауруларының түрлік құрамын, таралу аймағын, даму динамикасын және экологиялық факторларға бейімделу ерекшеліктерін анықтау арқылы фитопатологиялық жағдайды бағалау және аурулардың алдын алу шараларын ұсыну

**«125 International school» of Turkestan. «High School»
10-сыныптар үшін сабақ тақырыптарының кестесі**

№	Тақырып атауы	Сағат саны	Форматы	Күтілетін нәтиже
1	Пластикалық қалдықтардың табиғатқа зияны және оны қайта өңдеу жолдары	1	Тәжірибе Эксперименттік тапсырмалар	Пластикалық қалдықтардың қоршаған ортаға тигізетін экологиялық, биологиялық және әлеуметтік әсерін анықтап, оларды тиімді қайта өңдеу мен кәдеге жарату жолдарын ұсыну арқылы экологиялық қауіпсіздікті арттыру
2	Түркістан өңіріндегі галофитті өсімдіктердің биологиялық және экологиялық маңызы	1	Тәжірибе Эксперименттік тапсырмалар	Түркістан өңірінде өсетін галофитті өсімдіктердің түрлік құрамын, бейімделу ерекшеліктерін және олардың экожүйедегі биологиялық әрі экологиялық рөлін анықтау арқылы табиғатты қорғау мен жер ресурстарын тиімді пайдалану жолдарын ұсыну
3	Түркістан қаласындағы сәндік өсімдіктердің бейімделу ерекшеліктері	1	Тәжірибе Эксперименттік тапсырмалар	Түркістан қаласының климаттық және топырақтық жағдайларында өсетін сәндік өсімдіктердің түрлік құрамын, өсу мен дамуға бейімделу физиологиялық-морфологиялық ерекшеліктерін анықтап, көгалдандыру және ландшафты дизайнда тиімді пайдалану жолдарын ұсыну

Бұл үрдіс мектептегі ғылыми жобалардың сапасын арттырып, ЖОО-мен мектептің байланысын нығайта түседі.

Сонымен қатар, техн.ғ.к., профессор м.а. Ғ.И.Исаев АР 26101971 «PISA зерттеулерінің негізінде оқушылардың жаратылыстану бағытындағы функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдістемелік негіздерін даярлау» атты гранттық жоба аясында бірге жұмыс жасап жүрген бірнеше мектептер бар. Түркістан қаласы №19 жалпы білім беретін мектеп, Шымкент қаласы №67 негізгі орта мектеп, Түркістан қаласы Tulga School. Бұл шара мектепке де, ЖОО-на да тиімді болады деген сенімдемін.

Шешім: 4.3. Мектеп оқушыларымен ғылыми-зерттеу жұмыстары ұйымдастырылсын және оларға университет «Биология» кафедрасы профессор – оқытушылары тарапынан ғылыми жетекші және кеңесші тағайындаулары есепке алынсын. Мектептер мен «Биология» кафедрасы оқытушылары арасында келісім – шарттар жасау шешімі қабылданын.

4.4 мәселе бойынша АК мүшесі, академиялық персонал Д.Берді: Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Сондықтан да, мектеп

оқушылары үшін университет профессор – оқытушылары тарапынан ғылыми жетекші және кеңесші тағайындалу ұсынылады.

Техн.ғ.к., доцент Т.Сарбаева, х.ғ.к., доцент М.Алтынбекова Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты коммуналдық мемлекеттік мекемесімен, х.ғ.к., доцент Б.Абжалов «Tulga school» мектебімен келісім шарт жасалды.

Х.ғ.к., доцент М.Алтынбекова Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернатында 11 сынып оқушыларына арналған ғылыми ізденіс курсының оқу бағдарламасы жасалды.

Ғылыми ізденіс курсының оқу бағдарламасы

№ сабақ	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	
		11 А	11Б
	1-Тарау Химиялық элементтердің тіршіліктегі орны		
1	Натрий.Алу жолдары, тірі ағзалардың дамуына натридің маңызы	3	4
2	Калий .Алу жолдары, тірі ағзалардың дамуына калий маңызы	3	4
3	Кальций. Маңызы. Жерде тіршіліктің пайда болуы, ағзаға кальций қажеттілігі.	3	4
4	Магний .Маңызы. Жерде тіршіліктің пайда болуы, ағзаға магнийдің қажеттілігі.	3	4
5	Мыс. Адам организміндегі мыс және мыстың маңызды қасиеттері	3	4
6	Жылжымалы фосфор. Өсімдіктер әлемінде химиялық элементтердің әсері	3	4
7	Мыс қосылыстары және пайдалану жолдары	3	4
8.	Мыс, мырыш және олардың маңызды қосылыстары		4
9	Кобальт. Тіршіліктегі маңызы	3	4
10	Кобальттың қоршаған ортаға таралу көздері	3	4
11	Хлор. Тіршіліктегі маңызы	3	4
12	Суды хлорлаудың пайдасы	3	4
13	Хлорорганикалық қосылыстар		
	Хлор және хлор қосылыстарының қоршаған ортаға әсері		
14	Иод. Тіршіліктегі маңызы	3	4
15	Адам организміндегі иодтың ролі	3	4
16	Химиядағы аналитикалық әдістер. Элементтерді талдау әдістері	3	4
17	Галогендер .Д.И. Менделев кестесіндегі 7-ші топтың элементтерінің қасиеттері	3	4
18	Галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары	3	4
19	Марганец. Тіршіліктегі маңызы	3	4
	II- тарау .Құрамында сутек, көміртек және оттек болатын тіршілік үшін маңызды молекулалар		
20	Химиялық байланыс	3	4
21	Биологиялық маңызды қосылыстардың көпшілігі неліктен үлкен молекулалы қосылыстар қатарына жатады	3	4
22	Құрамында сутек және оттек болатын тіршілік үшін маңызды молекулалар. Су-тіршілік заты	3	4
23	Көміртегі-қосылыстар ының химиясы	3	4
24	Биологиялық маңызды қосылыстар. Майлар.Көмірсулар.	3	4
	III –тарау.Көміртегі, сутегі, оттегі, азот, күкірт бес элементтерінен не алуға болады?		
25	Амин қышқылдарының құрамы, мен құрылысы	3	4
26	Амин қышқылдарының қасиеттері	3	4
27	Тіршілік пайда болғанға дейінгі Жер химиясы«Биохимиялық машаналар детальдары» қалай пайда болды	3	4
28	Тіршілік химиясы.	3	4
29	Көміртегі, сутегі, азот, фосфор – органогендік элементтер.	3	4
30	Фосфор, апатит, фосфорит минералдары	3	4
31	Топырақтың химиялық сіңіру қабілеті	3	4
32	Топырақтың қышқылдылығы мен сілтілігі	3	4
33	Көміртегі, сутегі, азот, фосфор – органогендік элементтер.	3	4
34	Фосфор, апатит, фосфорит минералдары	3	4
	Барлығы	102	336

Бұл үрдіс мектептегі ғылыми жобалардың сапасын арттырып, ЖОО-мен мектептің байланысын нығайта түседі. Мектеп пен университет арасындағы ғылымды дамыту мақсатындағы келісім-шарттар жалғасын табу керек.

Шешім: 4.4. Мектеп оқушыларымен ғылыми-зерттеу жұмыстары ұйымдастырылсын және оларға университет «Экология және химия» кафедрасы профессор – оқытушылары тарапынан ғылыми жетекші және кеңесші тағайындаулары есепке алынсын. Мектептер мен «Экология және химия» кафедрасы оқытушылары арасында келісім – шарттар жасау шешімі қабылдандын.

4.5 мәселе бойынша АК мүшесі, академиялық персонал М.А.Мұратбекова: Мектеп оқушыларымен ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға жетекшілік ету бойынша келісім-шарттардың жеткіліксіздігі анықталды. Осыған байланысты, кафедра оқытушылары гранттық жобалар жетекшілері мектептермен келісім-шарт жасау қарастырылды.

Ф.-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор К.Ж.Назарова 2025-2026 оқу жылында Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандырылған мектеп-интернаты коммуналдық мемлекеттік мекемесімен мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру келісім-шарты жасалды. Мектеппен келісім - шарт жасалу барысында еңбек шарты және ғылыми ізденіс курсының оқу бағдарламасы жасалуы тиіс. Оқу бағдарламасы бойынша қарастырылған сабақ тақырыптары 10-сыныптар үшін, төмендегі кестедегідей жасалды.

Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты
«Экономикадағы математика»

11-сыныптар үшін сабақ тақырыптарының кестесі

Апта	Тақырып атауы	Сағат	Форматы	Күтілетін нәтиже
1	Курска кіріспе. Экономика және математика байланысы	1	Теория	Экономикадағы математиканың рөлін түсінеді
2	Пайыз ұғымы және қарапайым пайыздық есептер	1	Практика	Пайыздық өсімді есептейді
3	Құрама пайыз және капитал өсімі	1	Практика	Құрама пайызды қолдана алады
4	Дисконттау әдісі	1	Теория+практика	Дисконтты есептейді
5	Кредит және аннуитет есептері	1	Практика	Несие төлемдерін есептейді
6	Депозит және инвестиция	1	Практика	Инвестиция табысын табады
7	Инфляция ұғымы және есептеулері	1	Теория+практика	Инфляцияны есептейді
8	Салық түрлері және есептеу әдістері	1	Практика	Салық сомасын табады
9	Бюджет құру және жоспарлау	1	Практика	Жеке бюджет жасайды
10	Шығындар мен кірістерді талдау	1	Практика	Балансты есептейді
11	Нарықтағы ұсыныс пен сұраныс моделдері	1	Теория+практика	График тұрғызады
12	Экономикалық теңдеулер жүйесі	1	Практика	Теңдеулерді шешеді
13	Өндіріс функциялары	1	Теория+практика	Өндіріс моделін құрады
14	Шекті талдау (маржиналдық талдау)	1	Теория	Маржиналдық ұғымдарды түсінеді
15	Оптимизация есептері (пайданы арттыру)	1	Практика	Оптимизация әдістерін қолданады
16	Статистикаға кіріспе. Экономикалық деректер	1	Теория	Мәліметтерді жинақтауды біледі
17	Орташа мән, мода, медиана экономикада	1	Практика	Статистикалық көрсеткіштерді табады
18	Дисперсия, стандартты ауытқу	1	Практика	Тәуекелді есептейді
19	Диаграммалар мен графиктер (Excel)	1	Практика	Экономикалық деректерді бейнелейді
20	Корреляция және регрессия	1	Теория+практика	Экономикалық болжам жасайды
21	Валюта бағамдары және конвертация	1	Практика	Ақша айырбастау есебін шешеді
22	Саудадағы математика (жеңілдіктер, үстеме баға)	1	Практика	Баға өзгерістерін есептейді
23	Шаруашылықтағы шығындар мен пайда есебі	1	Практика	Пайда мен шығынды талдайды

24	Экономикалық тәуекелдер және сақтандыру	1	Теория+практика	Сақтандыру жарнасын есептейді
25	Экономикалық ойындар теориясы	1	Теория+практика	Стратегиялық шешім қабылдайды
26	Деректерді болжау әдістері	1	Практика	Болашақ нәтижені болжайды
27	Жобалық жұмысқа дайындық	1	Теория	Топтық тақырып тандайды
28	Жобаны бастау	1	Практика	Жоба жоспарын жасайды
29	Жобаны орындау	1	Практика	Деректер жинайды
30	Жобаны жетілдіру	1	Практика	Есептеулерді толықтырады
31	Жоба нәтижелерін талдау	1	Практика	Қорытынды жасайды
32	Жоба қорғау I-бөлім	1	Қорғау	Бірінші топтар қорғайды
33	Жоба қорғау II-бөлім	1	Қорғау	Қалған топтар қорғайды
34	Қорытынды. Курсты бағалау және рефлексия	1	Қорытынды	Оқушылар алған білімін талдайды

Бұл үрдіс мектептегі ғылыми жобалардың сапасын арттырып, ЖОО-мен мектептің байланысын нығайта түседі.

Т.ғ.к., доцент М.Д.Кошанова Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандырылған мектеп-интернаты коммуналдық мемлекеттік мекемесімен келісім-шарт жасауға қажетті құжаттарды рәсімделді. Бұл шара мектепке де, ЖОО-на да тиімді болады.

Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты
«Параметрлі теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістері»
10-сыныптар үшін сабақ тақырыптарының кестесі

Апта	Тақырып атауы	Сағат	Форматы	Күтілетін нәтиже
1	Параметрлі сызықтық теңдеулерге келтірілетін теңдеулер	4	Теория	Параметрлі сызықтық теңдеулерге келтірілетін теңдеулер рөлін түсінеді
2	Параметрлі 1-ші дәрежелі сызықтық теңдеулер (тармакталусыз).	4	Практика	Параметрлі сызықтық теңдеулерге келтірілетін теңдеулерді шығарады
3	Параметрлі 1-ші дәрежелі сызықтық теңдеулер (тармакталатын).	4	Практика	Параметрлі 1-ші дәрежелі сызықтық теңдеулер түрін анықтайды
4	Параметрлі бөлшекті-рационалды теңдеулер	4	Теория+практика	Параметрлі бөлшекті-рационалды теңдеулерді шешуге машықтанады
5	Сызықтық теңдеулерге келтірілетін параметрлі бөлшекті-рационалды теңдеулер.	4	Практика	Сызықтық теңдеулерге келтірілетін параметрлі бөлшекті-рационалды теңдеулерді түсінеді
6	Қосымша шартты параметрлі теңдеулер.	4	Практика	Теңдеулерді табады
7	Айнымалы модуль ішінде болған параметрлі теңдеулер.	4	Теория+практика	Теңдеулерді табады
8	Айнымалы модуль ішінде болған параметрлі теңдеулер.	4	Практика	Теңдеулерді табады
9	Параметрлі сызықтық теңсіздіктер.	4	Практика	Теңсіздіктерді табады
10	Параметрлі бөлшекті-рационалды теңсіздіктер.	4	Практика	Теңсіздіктерді табады
11	Айнымалы модуль ішінде болған параметрлі теңсіздіктер.	4	Теория+практика	Теңсіздіктерді табады
12	Параметрлі толық емес квадраттық теңдеулер.	4	Практика	Теңдеулерді шешеді
13	Параметрлі келтірілген квадраттық теңдеулер.	4	Теория+практика	Теңдеулерді шешеді
14	Квадраттық теңдеулерге келтірілетін параметрлі бөлшек-рационалды теңдеулер	4	Теория	Теңдеулерді шешеді
15	Параметрлі қарапайым сызықтық теңсіздіктерді шешу әдістері	1	Практика	Теңсіздіктерді, теңдеулерді табады
16	Параметрлі бөлшек-рационалды теңсіздіктерді шешу әдістері	4	Теория	Теңсіздіктерді, теңдеулерді табады

17	Айнымалысы модуль таңбасының астында болатын параметрлі теңсіздіктерді шешу әдістері	4	Практика	Теңсіздіктерді, теңдеулерді табады
18	Параметрлі қарапайым теңсіздіктерді шешу әдістері	4	Практика	Теңсіздіктерді, теңдеулерді табады
19	Параметрлі квадраттық теңсіздіктерді шешу әдістері	4	Практика	Теңсіздіктерді, теңдеулерді табады
20	Қиындығы жоғары параметрлі квадраттық теңсіздіктер жүйелерін шешу әдістері.	4	Теория+практика	Теңсіздіктерді, теңдеулерді табады
21	Кері тригонометриялық функциялары бар теңдеулерді шешу әдістері	4	Практика	Теңсіздіктерді, теңдеулерді табады
22	Параметрлі тригонометрикалық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудегі негізгі амалдар	4	Практика	Теңсіздіктерді, теңдеулерді табады
23	Параметрлі қарапайым тригонометриялық теңдеулерді шешу.	4	Практика	Теңсіздіктерді, теңдеулерді табады
24	Параметрлі тригонометриялық теңдеулер жүйесін шешу әдістері.	4	Теория+практика	Теңсіздіктерді, теңдеулерді табады
25	Параметрлі тригонометрикалық теңдеулерді шешу.	4	Теория+практика	Теңсіздіктерді, теңдеулерді табады
26	Параметрлі тригонометриялық теңсіздіктерді шешу әдістері.	4	Практика	Теңсіздіктерді, теңдеулерді табады
27	Параметрмен берілген есептерді шешуде қолданылатын геометриялық әдістер	4	Теория	Топтық тақырып тандайды
28	Зерттеу талдау әдістерін пайдаланып, параметрмен берілген есептерді шешу	4	Практика	Жоба жоспарын жасайды
29	$(x; a)$ параметрлік жазықтық. параметр айнымалы ретінде	4	Практика	Деректер жинайды
30	$(x; a)$ жазықтығындағы графикалық модельдерді қолдану параметрмен берілген есептерді шешудегі негізгі құрал ретінде	4	Практика	Есептеулерді толықтырады
31	Параметрмен берілген есептердегі функциялардың қасиеттері	4	Практика	Қорытынды жасайды
32	Параметрмен берілген есептердегі функцияның анықталу облысы мен мәндерінің облысын қолдану.	4	Қорғау	Бірінші топтар қорғайды
33	Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері. Функцияның мәндерін бағалау әдісі.	4	Қорғау	Қалған топтар қорғайды
34	Теңдеулер мен теңсіздіктер ер құрылымына енетін функцияның шектелуінің қасиеттерін қолдану.	4	Қорытынды	Оқушылар алған білімін талдайды

П.ғ.к., аға оқытушы Г.Д.Қошанова 2025-2026 оқу жылында №15 М.Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясы мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру келісім-шарты жасалды. Мектеппен келісім - шарт жасалу барысында еңбек шарты және ғылыми ізденіс курсының оқу бағдарламасы жасалуы тиіс. Оқу бағдарламасы бойынша қарастырылған сабақ тақырыптары 7-сыныптар үшін, төмендегі кестедегідей жасалды.

№15 М.Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясы «Медиа сауаттылық»
10-сыныптар үшін сабақ тақырыптарының кестесі

Апта	Тақырып атауы	Сағат	Форматы	Күтілетін нәтиже
1	Курсқа кіріспе. Медиа сауаттылық ұғымы және маңызы	1	Теория	Медиа сауаттылықтың мәнін және қоғамдағы рөлін түсінеді
2	Ақпарат пен медианың айырмашылығы	1	Теория+талдау	Ақпарат пен медианың ерекшелігін ажыратады
3	Медиа түрлері: дәстүрлі және жаңа медиа	1	Теория+практика	Медиа түрлерін мысалмен сипаттайды
4	Ақпарат көздерінің сенімділігін анықтау	1	Практика	Сенімді және жалған ақпаратты ажырата алады


5	Медиа мәтін ұғымы және құрылымы	1	Теория	Медиа мәтіннің құрылымдық элементтерін біледі
6	Мәтіндік және визуалды ақпаратты талдау әдістері	1	Практика	Фото, видео және мәтін арқылы берілген ақпаратты талдайды
7	Ақпараттық манипуляция және оның түрлері	1	Теория+мысал	Манипуляция түрлерін таниды
8	Жалған жаңалықтар (фейк) және фактчекинг	1	Практика	Фейк жаңалықтарды анықтай алады
9	Әлеуметтік желілердегі ақпарат ағыны	1	Теория+практика	Әлеуметтік медиадағы ақпаратты сын тұрғысынан бағалайды
10	Медиа және эмоция: әсер ету тәсілдері	1	Теория	Медианың психологиялық ықпалын түсінеді
11	Стереотиптер және медиа бейнелер	1	Практика	Медиадағы стереотиптерді талдайды
12	Жарнама және оның әсері	1	Теория+талдау	Жарнамалық хабарламалардың мақсаттарын түсінеді
13	Балалар мен жасөспірімдерге арналған медиа	1	Теория	Балалар медиасының ерекшеліктерін біледі
14	Мәдениет және медиа кеңістік	1	Теория+мысал	Медианың мәдениетке әсерін түсінеді
15	Цифрлық із және онлайн қауіпсіздік	1	Практика	Интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерін меңгереді
16	Авторлық құқық және плагиат	1	Теория+практика	Авторлық құқық нормаларын қолдана алады
17	Медиадағы этика және жауапкершілік	1	Теория	Медиа этика қағидаларын түсінеді
18	Қоғамдық пікір және медианың ықпалы	1	Теория+дискуссия	Медианың қоғамдық санаға әсерін түсіндіреді
19	Ақпараттық соғыс және пропаганда	1	Теория+мысал	Пропаганданың белгілерін таниды
20	Журналистика негіздері және ақпарат жинау әдістері	1	Теория+практика	Журналистік зерттеу тәсілдерімен танысады
21	Азаматтық журналистика және блогинг	1	Практика	Өз блогын немесе шағын медиажобасын жасай алады
22	Медиа және саясат	1	Теория	Медианың саяси процестерге ықпалын түсінеді
23	Медиа және экономика	1	Теория+мысал	Экономикалық медиаконтентті талдайды
24	Медиа және экология	1	Теория+талдау	Экологиялық мәселелердің медиада көрінісін бағалайды
25	Медиа сауаттылықтағы заманауи үрдістер	1	Теория	Заманауи медиа тенденцияларын сипаттайды
26	Медиабілім беру тәжірибелері (әлемдік мысалдар)	1	Теория	Әлемдегі медиабілім тәжірибелерін салыстырады
27	Медиақұзыреттілік және өзіндік бағалау	1	Практика	Өз медиақұзыреттілігін бағалайды
28	Медиажобаны жоспарлау	1	Теория+жоба	Топтық жоба тақырыбын таңдайды
29	Жоба деректерін жинау және талдау	1	Практика	Ақпарат көздерімен жұмыс істейді
30	Жобаны әзірлеу	1	Практика	Медиаматериалдар дайындайды
31	Жоба нәтижелерін толықтыру	1	Практика	Талдау және қорытынды жасау дағдысын дамытады

32	Жобаны қорғау I-бөлім	1	Қорғау	Бірінші топтар медиажобасын таныстырады
33	Жобаны қорғау II-бөлім	1	Қорғау	Қалған топтар медиажобасын ұсынады
34	Қорытынды сабақ. Рефлексия және бағалау	1	Қорытынды	Курстан алған білім мен дағдыны талдайды

Дуалды оқыту бойынша PhD, аға оқытушы Г.Дүйсеева мектептің оқушыларын ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналыстыруға баулу мақсатында ЖОО оқытушыларын тарту керемет бастаманың көзі. ЖОО тарапынан мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жас ғалымдардың көбеюіне ықпал және өңірлік ғылымды дамытуға зор үлес қосады деп есептеймін.


Шешім: 4.5. Мектеп оқушыларымен ғылыми-зерттеу жұмыстары ұйымдастырылсын және оларға университет «Математика» кафедрасы профессор – оқытушылары тарапынан ғылыми жетекші және кеңесші тағайындаулары есепке алынсын. Мектептер мен «Математика» кафедрасы оқытушылары арасында келісім – шарттар жасау шешімі қабылдансын.

Мәжіліс төрайымы:



Ә.Х.Сарыбаева

Хатшысы:



Г.Д.Қошанова